



**«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының  
Директорлар кеңесінің сырттай отырысының  
2019 жылғы 13 мамырдағы № 8 шешімімен бекітілген  
«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының  
Корпоративтік әдеп кодексіне өзгерістер мен толықтырулар**

1. 4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Қордың корпоративтік құндылықтары:

1) **Кәсіпқойлық** - біз өз жұмысымызды уақтылы және сапалы орындау үшін және Қордың стратегиялық міндеттерін іске асыру үшін өзіміздің кәсіби білімімізді үнемі пайдаланамыз және жетілдіреміз;

2) **Біртұтастық** - біз біртұтас командамыз! Біз диалогқа және оңтайлы шешімдерді бірлесіп іздеуге дайынбыз, біз Қордың ортақ мақсаттарына қол жеткізу үшін командада жұмыс істеудің маңыздылығын түсінеміз;

3) **Ашықтық** - біз ақпаратты бір-бірімізбен, клиенттерімізбен, серіктестерімізбен және қоғам азаматтарымен ашық және адал бөлісеміз, бұл бізге Қордың беделін қолдауға мүмкіндік береді және адам капиталының дамуына оң әсерін тигізеді;

4) **Ұқыптылық** - біз Қордың қаржылық тұрақтылығын және қаржылық бағдарламаларын табысты іске асыруды қамтамасыз ету үшін Қордың активтері мен ресурстарын пайдалануға жауапкершілікпен және ұқыптылықпен қараймыз;

5) **Инновациялылық** - біз халықтың материалдық әл-ауқатын арттыру жөніндегі бағдарламаларды іске асыра отырып, үздік нәтижелерге қол жеткізу, өнімді және жылдам жұмыс істеу үшін процестерге өзгерістер енгіземіз, оңтайландырамыз және жақсартамыз;

6) **Құрмет** - біз бір-бірімізді мұқият тыңдаймыз және естиміз, бір-бірімізбен дұрыс қарым-қатынас жасаймыз және кемсітушілік пен әділетсіздікке жол бермейміз.»

2. 8-тармақта:

1) 3) тармақшадағы «барлық шараларын» деген сөздер «барлық шараларды» деген сөздермен ауыстырылсын, «көзделген» деген сөз «көзделетін» деген сөзбен ауыстырылсын, «ықпал ететін» деген сөздер «ықпал етуші» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 4) тармақшадағы «бастамашыл идеялары мен ұсыныстарын» деген сөздер «бастамашыл идеялар мен ұсыныстарды» деген сөздермен ауыстырылсын.

3. 12-тармақтың 2) тармақшасындағы «өзара іс-қимыл» деген сөздер «өзара іс-қимылды» деген сөздермен ауыстырылсын.

4. 17-тармақтың 5) тармақшасындағы «сыпайылық пен қонақжайлылықтың жалпы қабылданған нормаларына сәйкес, сондай-ақ хаттамалық және өзге де ресми іс-шараларды өткізу кезінде символдық назар аудару белгілері мен символдық кәдесыйларды қоспағанда,» деген сөздер алынып тасталсын..

5. 19-тармақта:

1) 2) тармақшадағы «туындағаны» деген сөз «туындауы туралы» деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 3) тармақшадағы «туындағаны» деген сөз «туындауы туралы» деген сөзбен ауыстырылсын.

6. 25-тармақта:

- 1) «қауіпсіздік қызметінің қызметкеріне» деген сөздер «ішкі қауіпсіздік қызметінің қызметкеріне» деген сөздермен ауыстырылсын;
- 2) «қызметкеріне» деген сөзден кейін «және комплаенс-бақылаушыға» деген сөздермен толықтырылсын.